

**Аудан әкімдігінің бұрын қабылданған 2010 жылғы 31 мамырдағы № 190/4 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 06 маусымдағы № 138/4 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, Ертіс ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің бұрын қабылданған 2010 жылғы 31 мамырдағы "Аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары туралы" № 190/4 қаулысының (2010 жылғы 28 маусымда Ертіс ауданының әділет басқармасында құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 12-7-104 болып тіркелген, 2010 жылғы 3 шілдеде № 56-57 "Ертіс Нұры" және 2010 жылғы 3 шілдеде № 56-57 "Иртыш" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*В. Дубовицкий*